Қамқоршылық кеңес мүшелері:
Қ.А.Қалабай Г.Б.Тасболатова
С.М.Ягнисов, К.К.Жексенбаев,
Б.К.Буркиталиев, А.Фазылбек
А.Е.Тастайбекова, Б.Китайбековаға

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі желтоқсан айының 13-і күні сағ: 10.00-де қамқоршылық кеңес мүшелерімен жиналыс өтетіндігін қаперге бере отырып, қатысуларыңызды сұрайды.

Күн тәртібінде:

- Сынып жетекшілері мен жалпы ата-аналар комитеті жұмыстарының жай-күйі
- Мектептегі жалпы білім сапасының деңгейі туралы атқарылған жұмыстар туралы
- Өткізілген мерекелік іс-шаралар мен жарыстар барысындағы жеткен жетістіктер, балалардың жалпы стимулдыкөтеру барысындағы атқарылған жұмыстары туралы
- Жалпы білім беретін мектептегі қамқоршылық кеңестіңжұмыстарын қорытындылау, жасақталған мониторингтік топтардың жұмыстарының жүрісі туралы

Қамқоршылық кеңес төрайымы **Л.Ж.Дәуэн**

Орындаған
А.Орынбасарова
87016529571

«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі Қамқоршылық кеңес отырысын ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ және ХАТТАМАСЫ

Дәулет ауылдық округі «13 » « желтоқсан » 2024ж.

Дәулет ауылдық округі, **Дәулет ауылы, Жаңа Дәулет тұрғын үй алабы, 125/3 ғимараты** *«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі Қамқоршылық кеңесі.*

Кеңес төрағасы Дауэн Ляззат Жаумбайқызы ашып, жүргізіп отырды.

Құрметті Қамқоршылық кеңес мүшелері, отырысқа қатысушылар!

Қамқоршылық кеңесінде 9 кеңес мүшесі бар. Бүгінгі отырысқа 6 қамқоршылық кеңес мүшелері қатысып отыр. Кворум _____ .

Осы отырысқа қатысып отырғандар:
Орынбасарова Алтынгул Каналхановна – мектеп директорының м.а.
Абыханова Шарай Конджасаровна - әлеуметтік педагог;
Толегенова Қарлығаш Садихиыновна - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Досжанова Рысхан Сагиндиковна - Ата - аналар төрайымы;

Отырыс ашылуға кворум бар, ашық деп жариялаймын. Бүгін отырыстың күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады.

Тындалды:

Күн тәртібінде:

- Сынып жетекшілері мен жалпы ата-аналар комитеті жұмыстарының жай-күйі (Серкбаева Жазира, ДТЖО)
- Мектептегі жалпы білім сапасының деңгейі туралы атқарылған жұмыстар туралы (Асылхан Сарғожаева, оқу ісінің меңгерушісі)
- Өткізілген мерекелік іс-шаралар мен жарыстар барысындағы жеткен жетістіктер, балалардың жалпы стимулдыкөтеру барысындағы атқарылған жұмыстары туралы (Серкбаева Жазира, ДТЖО)
- Жалпы білім беретін мектептегі қамқоршылық кеңестің жұмыстарын қорытындылау, жасақталған мониторингтік топтардың жұмыстарының жүрісі туралы

Күн тәртібіндегі алғашқы **БІРІНШІ** мәселе бойынша алғашқы сөз кезегін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Серикбаева алып, өз сөзінде сынып жетекшілері мен жалпы ата-аналар комитеті жұмыстарының жай-күйін санамалап айтып өтті. Сынып жетекшілер тарапынан төмендегідей іс-шаралар жоспары бойынша жұмыстар атқарылса, ата-аналармен де тығыз қарым-қатынаста болғандығын атап өтті.

- Мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналған тәрбие сағаттары өткізілді (Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл, Наурыз, Жеңіс күні, Тілдер мерекесі және т.б.).
- «Менің Отаным – Қазақстан», «Адал ұрпақ», «Жасөспірім және заң», «Білімді ұрпақ – болашақ кепілі» сияқты тақырыптарда пікірталастар, дөңгелек үстелдер, сынып сағаттары өтті.
- Спорттық жарыстар, үйірмелерге тарту, шығармашылық кештер, дебаттар ұйымдастырылды.

3. **Ата-аналармен байланыс**

- Әр тоқсанда ата-аналар жиналыстары өткізілді.
- Әрбір оқушының тәртібі, үлгерімі, үйдегі жағдайы туралы ата-аналарға ақпарат беріліп отырды.
- Кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігі, мектеп формасы, интернет қауіпсіздігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары А.Сарғожаева мектептегі жалпы білім сапасының деңгейі туралы атқарылған жұмыстар туралы төмендегідей бағытта айтып өтті. Ол өз сөзінде: «№4 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нде 2024-2025 оқу жылының I тоқсанында 1629 оқушы болды. 1 сыныптарда -153 оқушы, 2-4 сыныптарда – 477 оқушы, 5-9 сыныптарда – 825 оқушы, 10 – 11сыныптарда – 174 оқушы оқиды.

Мектептегі білім сапасы:

I тоқсанда мектептің жалпы білім сапасы 43,16 %, үлгерім 99,75% көрсетті. Бұл көрсеткіш 2023-2024 оқу жылының I тоқсандағы білім сапасымен(44,4%) салыстырғанда 1,3 % төмен.

I тоқсанның қорытындысы бойынша мектептегі үздік – екпінді оқушылардың көрсеткіші:

	I тоқсан	**I тоқсан /2023-2024о.ж/**	**айырмашылық**
Оқушы саны	**1629**	**1699**	**-70**
Үздіктер	**120**	**129**	**-9**
2-4	76	79	-3
5-9	41	43	-2
10-11	3	7	-4
Екпінділер	**517**	**556**	**-39**
2-4	183	208	-25
5-9	268	277	-9
10-11	66	71	-5
Барлығы	**637**	**685**	**-48**

I тоқсан соңында мектепте үздік - 120 оқушы, екпінді саны -517 оқушы, жалпы - 637 оқушы. 2024-2025 оқу жылының I тоқсанымен салыстырғанда үздік -9, екпінді – 39 оқушыға саны кеміген, жалпы үздік-екпінді оқушылар саны – **637** болып, өткен оқу жылының I тоқсанымен салыстырғанда -48 оқушыға төмен түскен.

Пәндер бойынша білім сапасы

Пән	**2023-2024**	**2024-2025**	**динамика**

	I тоқсан	I тоқсан	
Қазақ тілі	61%	58%	-3
Қазақ әдебиеті	59,50%	59,00%	-0,5
Орыс тілі	54,10%	54,00%	-0,1
Ағылшын тілі	56,10%	59,00%	+2,9
Математика	53,80%	59,00%	+5,2
Алгебра	52,70%	53,50%	+0,8
Геометрия	48%	52%	+4
Информатика	57%	53%	-4
Қазақстан тарихы	54,20%	57,50%	+3,3
Дүниежүзі тарихы	51,60%	61,40%	+9,8
Биология	57%	57%	
География	54,40%	57,60%	+3,2
Физика	50,70%	49,80%	-0,9
Химия	54%	53%	-1
Жаратылыстану	56,50%	62,10%	+5,6
Құқық	62,10%	54,00%	-8,1

Пәндер бойынша ең жоғарғы білім сапасы дүниежүзі тарихы пәнінен 61,4%, жаратылыстану 62,1%. Төменгі сапаны физика пәні 49,8% көрсетті.

2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда пәндердің сапасы шет тілі, математика, алгебра, геометрия, география, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, жаратылыстану пәндерінен +0,8% бен +9,8% аралығында көтерілгендігін айта отырып, жоғары сапа мен төменгі сапа беріп отырған сыныптардыерекше айтып өтті.

«5-9» сыныптар арасында білім сапасы <u>жоғарғы</u> сыныптар:

5 «а» 50% 12 екпінді сынып жетекші Ж.Бисекенова
5 «в» 50% 10 екпінді сынып жетекші М.Худашева
8 «а» 52,5% 1 оқу озаты және 11 екпінді сынып жетекші А.Искакова

«5-9» сыныптар арасында білім сапасы <u>төмен</u> сыныптар:

5 «ә» 28% 25 оқушының 3 үздік, 4 екпінді с/ж Ж.Тажиева
8 «ә» 21,7 % 23 оқушының 5-і екпінді с/ж Ә.Джолдасова
8 «б» 25% 24 оқушының 6-ы оқу екпіндісі с/ж А.Қожантайқызы
8 «в» 28% 25 оқушының 7-і екпінді с/ж Э.Ещанова
8 «г» 25,9% 27 оқушының 7-і екпінді с/ж М.Мусаева
8 «д» 29,2% 24 оқушының 1 үздік, 6-ы екпінді с/ж Р.Акшулакова
9«в» 26,1% 23 оқушының 6-ы екпінді с/ж М.Әбиев
9«б» 28% 25 оқушының 1 үздік, 6 екпінді с/ж Г.Исембай

Сынып жетекшісі	Сынып	Оқушы саны	Iтоқсан	Iтоқсан /2020-2021 о.ж/	Айырмашылығы
Калиева Ұлпан	10 а	**24**	54,2%	41,7%	+12,5
Суюндикова Оразгул	10 ә	**26**	26,9%	28%	-1,1
Жубанова Жулдызай	10 б	**27**	44,4%	39,1%	+5,3
10-сынып		**77**	**41,6%**	**35,8%**	**+5,8**
Абыханова Шарай	11 а	**24**	29,2%	34,5%	-5,3
Бисенгалиева Айнур	11 ә	**24**	41,7%	48,3%	-6,6
Умирбаев Арман	11 б	**28**	35,7%	28,6%	+7,1
Утешова Замира	11 в	**21**	47,6%	50%	-2,4

11-сынып		**97**	**38,1%**	**40,4%**	**-2,3**
10-11 сыныптар		**174**	**39,6%**	**38,1%**	**+1,5**
5-11 сынып		**958**	**43,1%**	**44,4%**	**-1,3**

«10-11» сыныптар арасында білім сапасы <u>жоғарғы</u> сынып:
10 «а» 54,2% 1 оқу үздігі, 12 екпінді, сынып жетекшісі Ұ.Калиева
«10-11» сыныптар арасында білім сапасы <u>төмен</u> сынып:
10 «ә» 26,9% 26 оқушының 7-і екпінді, с/ж О.Суюндикова
11 «а» 29,2% 24 оқушының 7-і екпінді, с/ж Ш.Абыханова

«5-9» сыныптар арасында $5^{а,в,д}$(50%,48%); $6^{а,б,г,д,е}$(40,9%, 48%,45,8%,47,4%,43,5%); $8^{а}$(52,2%); $9^{ә}$(43,5%) сыныптарының білім сапасы жалпы мектептің білім сапасынан жоғары.

«10-11» сыныптар арасында $10^{а,б}$(54,2%, 44,4%);$11^{в}$(47,6%) сыныптарының білім сапасы жалпы мектептің білім сапасынан жоғары екендігін айта келе, төмендегідей ұсыныстар берді.

- Педагогикалық ұжымды оқыту сапасын арттыру мәселесімен жұмыс істеуді жалғастыру, оқушылардың білімін, шеберлігі мен дағдыларын объективті бағалау қажет.
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға көңіл бөлу.
- Білім беру процесінің барлық қатысушыларының сұраныстарын қанағаттандыруды ескере отырып, негізгі және қосымша білім беруді дамыту негізінде білім сапасын арттыруға жұмыс жасау;
- Педагогтердің кәсіби өсуі, олардың шығармашылық әлеуетін жандандыру, оқу және факультативтік сабақтардың тиімділігін арттыру есебінен зерттеу және іздеу қызметі процесінде оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін іске асыру үшін жағдай жасау;
- Конкурстарға, олимпиадаларға, конференцияларға қатысу арқылы жоғары уәжделген оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуды жалғастыру.

Үшінші мәселе бойынша да мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Төлегенова сөз алып, өткізілген мерекелік іс-шаралар мен жарыстар барысындағы жеткен жетістіктер, балалардың жалпы стимулды көтеру барысындағы атқарылған жұмыстары туралы төмендегідей бағытта жасалғанжұмыстыңақпаратын беріп өтті. Мысалы: 2024–2025 оқу жылы барысында мектеп ұжымы білім алушылардың шығармашылық әлеуетін арттыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, патриоттық сана қалыптастыруға және оқушылардың жалпы ынтасын көтеруге бағытталған түрлі мерекелік іс-шаралар мен жарыстар ұйымдастырды.

Мерекелік іс-шаралар:

- Тәуелсіздік күні, Наурыз мерекесі, Қазақстан халықтарының бірлігі күні сияқты мемлекеттік мерекелерге арналған салтанатты жиындар, концерттік бағдарламалар өтті;
- «Тілдер мерекесі», «Ұстаздар күні» сияқты атаулы күндерге арналған шығармашылық кештер, әдеби-музыкалық қойылымдар ұйымдастырылды;
- Мектепішілік мерекелерде оқушылар өнер көрсетіп, белсенділік танытты.

Жарыстар мен жетістіктер:

- Мектепішілік мерекелерде оқушылар өнер көрсетіп, белсенділік танытты.

Жарыстар мен жетістіктер:

- Оқушылар аудандық, облыстық пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды;
- Спорттық жарыстар (футбол, волейбол, шахмат, жеңіл атлетика) бойынша командалық және жеке жетістіктерге жетті;
- Мектеп президенті сайлауы, дебат турнирлері, интеллектуалдық викториналар арқылы оқушылардың көшбасшылық қабілеттері мен сыни ойлау дағдылары артты. Мектеп президенті республикалық байқауға жолдама алды.

Балалардың жалпы стимулын көтеру жұмыстары:

- Үлгілі оқушыларды мадақтау, «Үздіктер шеруі» сияқты марапаттау шаралары жүргізілді;
- Белсенді қатысушыларға және олардың ата-аналарына алғыс хаттар, грамоталар табысталды;
- Үйірмелер мен қосымша секцияларға оқушылардың қатысуын арттыру арқылы олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру қамтамасыз етілді;

Жалпы, өткізілген іс-шаралар оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға, ынтасын көтеруге және мектептің тәрбие беру жұмысын жаңа деңгейге шығаруға ықпал етті – деп, сөзін аяқтады.

Соңғы мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Л.Жаумбайқызы мектептегі қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстарына талдау жасап, келесі оқу жылына жоспар жасақтап, жоспар бойынша жұмыстардың жасалатындығын және осы оқу жылында жасалған жұмыстың «қанағаттанарлық» деңгейде орындалғандығын атап өтті.

Қамқоршылық кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялаймын.

Кеңес төрағасы — **Л.Ж.Дәуэн**

Кеңес хатшысы **А.Тастайбекова**